



## "Тұрғын үйді және басқа да үй-жайларды, қоғамдық ғимараттарды күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 125 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 8 сәуірде № 10637 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 26 қазандағы № ҚР ДСМ-29 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 26.10.2018 № ҚР ДСМ-29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 144-бабының 6-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған "Тұрғын үйді және басқа да үй-жайларды, қоғамдық ғимараттарды күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

міндеттерін атқарушы

М. Құсайынов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау және

әлеуметтік даму министрі

\_\_\_\_\_ Т. Дүйсенова

2015 жыл 2 наурыз

**ЖОЙГАН**

**Күшін жойған**

**Күшін жойған**

**ЖОЙГАН**

**Күшін жойған**

**Күшін жойған**

**Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндеттерін атқаруышының  
2015 жылғы 24 ақпандагы  
№ 125 бұйрығымен бекітілген

**"Тұрғын үйді және басқа да үй-жайларды, қоғамдық ғимараттарды күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"**  
**санитариялық қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. "Тұрғын үйді және басқа да үй-жайларды, қоғамдық ғимараттарды күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) тұрғын үй ғимараттарына, әкімшілік мақсаттағы ғимараттарға, мәдени-онын-сауық және спорттық-дене шынықтыру мекемелеріне қойылатын талаптарды анықтайды.

2. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылды:

1) әкімшілік ғимарат – мемлекеттік, шаруашылық, қоғамдық ұйымдар мен мекемелердің басқарушы аппаратының жұмысы үшін орта құрудың ортақ сәулеттік міндетімен біріктірілген құрылыштар, оның ішінде кенселер;

2) шудың рұқсат етілген деңгейі – адамның айтартықтай мазасыздануын және шуға сезімтал жүйелер мен анализаторлардың функционалдық жағдайы көрсеткіштерінің елеулі өзгеруін болдырмайтын фактордың деңгейі;

3) тұрғын үй-ғимарат – негізінен тұрғын үй-жайлардан (пәтерлерден) және ортақ мүлік болып табылатын бөліктерден, сондай-ақ тұрғын емес үй-жайлардан, тұратын құрылыш;

4) мәдени-онын-сауық мекемелері – өзінің конструкциясымен мәдени-онын-сауық іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу үшін бейімделген әртүрлі сәулеттік стильдегі құрылыштар;

5) халықтың жаппай демалыс орындары – қалалар құрылышының бас жоспарларында, аудандық жоспарлау және қала маңындағы аймақты дамыту схемаларында, шипажайларды, санаторийлерді, демалыс үйлерін, пансионаттарды, туризм базаларын, халықтың ұйымдастырылған демалыс орындарын (қалалық жағажайлар, саябақтар, спорттық базалар және олардың ашық ауадағы құрылыштары) орналастыру аймақтарында бөлінген аумақтар;

6) тұрғын емес үй-жай – тұрақты тұруға қарағанда өзге мақсатқа, оның ішінде қоғамдық қажеттіліктер және/немесе шағын кәсіпкерлікке арналған және пайдаланылатын тұрғын үйге жеке ішіне салынған (ішіне-жапсарлас салынған) үй-жай;

7) жерусті қабаты – үй-жайлардың еденін белгілеу кезінде жердің жоспарлы белгісінен төмен емес қабаты;

8) жертөле қабаты (жертөле) – үй-жайлардың еденін белгілеу кезінде үй-жай биіктігінің жартысынан асатын жердің жоспарлы белгісінен төмен қабат;

9) цоколь қабаты – үй-жайлардың еденін белгілеу кезінде үй-жай биіктігінің жартысынан аспайтын жердің жоспарлы белгісінен төмен қабат.

## 2. Тұрғын үй ғимараттарын күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

### 1-параграф. Тұрғын үй ғимараттарының участкесіне және аумағына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

3. Тұрғын үй ғимаратына іргелес аумақ абаттандырылады, көгалданырылады, жарықтандырылады және қоршалады, кіру жолдары мен жаяу жүретін жолдарының қатты жабыны болуы тиіс.

4. Қоқысты жинау үшін қатты жабыны бар алаңға орнатылған контейнерлер пайдаланылады. Алаң үш жағынан биіктігі 1,5 м қоршаумен қоршалады.

5. Контейнерлер санитариялық-қорғаныш аймағында жақын тұрған объектілер мен құрылыштардан 25 метрден (бұдан әрі - м) жақын емес, алаң тұрғын үй ғимараттарынан, балалардың ойын аландарынан, демалыс орындарынан және спортпен айналысатын орындардан 100 м алыс емес орналастырылады.

### 2-параграф. Тұрғын үй ғимараттарын жобалауға, салуға және күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

6. Тұрғын үй ғимараттарын жобалау, салу және күтіп-ұстасу осы санитариялық қағидалардың талаптарын есепке ала отырып жүзеге асырылады.

7. Құрылыш және әрлеу материалдарына Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген болуы тиіс.

8. Тұрғын үй ғимараттарында пандустар көзделеді.

9. Тұрғын үй ғимараттарында шаруашылық-ауыз су, өртке қарсы және ыстық сумен жабдықтау, сондай-ақ кәріздеу және суағарлар көзделеді.

10. Баспалдаққа көтерілу жолы мен алаңында тұтқалары бар қоршаулары, тұрғын үй ғимараттарында қарт және мүгедек адамдар адамы бар отбасыларға қосымша қабырғалық тұтқалар болады.

11. Баспалдақ торлары мен лифт холдары кез келген мақсаттағы басқа үй-жайлардан және қабатаралық дәліздерден есіктермен бөлектенеді, лифт шахталарын шахталардың сыртқы және ішкі қоршау конструкцияларының дыбыс оқшаулағышы болған жағдайда, тұрғын бөлмелермен көршілес орналастыруға жол беріледі.

12. Кіреберістерге кіретін жерлердегі және баспалдақ аландарындағы едендер еңіссіз, тайғақ болмауы тиіс.

13. Пәтераралық қалқалар ретінде гипсокартон қалқаларын орнатуға тыйым салынады.

14. Цоколь және/немесе жертөле қабаттарда мыналарға:

1) тұрғын үй-жайларды;

2) мектепке дейінгі жастағы балалардың аз уақыт болатын топтарына арналған үй-жайларды орналастыруға тыйым салынады.

15. Тұрғын үй ғимараттарының бірінші, екінші қабаттарында:

1) жалпы ауданы 700 шаршы метрден (бұдан әрі –  $m^2$ ) астам байланыс бөлімдерін;

2) жалпы ауданы 150  $m^2$  астам деңе шынықтыру-сауықтыру сабактарына арналған объектілерді;

3) орын саны 50-ден астам (жатақханадан басқа) қоғамдық тамақтану объектілерін және күніне 500-ден астам түскі ас дайындайтын ас үйлерді;

4) ыдыс-аяқты қабылдау пункттерін, сондай-ақ жалпы сауда ауданы 1000  $m^2$  астам болатын дүкендерді;

5) пайдалануы тұрғын құрылыш аумағы мен ауасының ластануына әкеп соқтыруы мүмкін мамандандырылған дүкендерді, құрылыш, москательді-химиялық және басқа да тауарлард дүкендерін, жарылғыш заттар мен материалдары болатын дүкендерді, мамандандырылған балық және көкөніс дүкендерін;

6) тез тұтанатын заттар қолданылатын тұрмыстық қызмет көрсету объектілерін (ауданы 250  $m^2$  дейінгі шаштараздарды, нормаланатын ауданы 100  $m^2$  дейінгі сағат жөндеу шеберханаларын қоспағанда);

7) нормаланатын ауданы 100  $m^2$  астам тұрмыстық машиналар мен күралдарды жөндеу, аяқ киім жөндеу шеберханаларын;

8) моншаларды, саunalарды (инфрақызыл кабиналардан басқа), бассейндерді, кәдеге жарату-шикізаттарын қабылдау пункттерін, кір жуу мен химиялық тазарту орындарын (қабылдау пункттерінен және ауысымда 75 килограмм киім-кешекке дейін өздігінен қызмет көрсететін кір жуу орындарынан басқа);

9) жалпы ауданы 100  $m^2$  астам болатын тұрғын үй ғимараттарына телефон жүргізуге арналған автоматты телефон станцияларын;

10) қоғамдық дәретханаларды;

11) жерлеу бюросын (кеңселерді), жерлеуге қызмет көрсететін бюро-дүкендерді орналастыруға тыйым салынады.

16. Жоғарғы қабаттарда суретшілер мен сәулетшілердің шығармашылық шеберханаларын орналастыруға жол беріледі, бұл ретте баспалдақ торының қабатпен қабысусы тамбур арқылы көзделуі тиіс.

17. Жертөле үй-жайлары таза ұсталады, құрғақ және жарық болуы тиіс.

**3-параграф. Тұрғын үй ғимараттарының жылыту және желдету жүйелеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

18. Тұрғын үй ғимараттарының үй-жайларындағы ауаның есептік параметрлері және ауа алмасу жиілігі осы Санитариялық қағидаларға 1-көсымшаға сәйкес көрсеткіштерді қамтамасыз етеді.

19. Жылыту радиаторлары жинау үшін жеңіл қолжетімді болуы тиіс.

20. Үй-жайлар фрамугалар, терезе желдеткіштері немесе басқа да құрылғылар арқылы желдетумен қамтамасыз етіледі.

21. Тұрғын үй ғимараттарының ішіне салынған қоғамдық мақсаттағы үй-жайларда жылыту және желдету көзделеді.

22. Қатты отынмен жанатын қайнату және жылыту пештерін (плиталар) биіктігі екі қабаттан аспайтын пәтерлік үйлерде, пәтерлік типтегі жатақханаларда (цоколдық қабатты есепке алмастан) орнатуға жол беріледі.

23. Тұрғын үй ғимараттарының ішіне салынған қоғамдық мақсаттағы үй-жайлардың, тұрғын бөлмелердің, асуýлердің табиғи жарығы болуы тиіс.

24. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың үй-жайларында және тұрғын үй құрылышының аумағында инфрадыбыстың және төменгі жиіліктегі шудың рұқсат етілген деңгейі осы Санитариялық қағидаларға 2-көсымшаға сәйкес көрсеткіштерге сәйкес болуы тиіс.

25. Ауыспалы токтың электр берілуінің ауа желісінен және басқа да объектілерден берілетін тұрғын үй құрылышы аумағындағы өндірістік жиілігі 50 Гц электрлік өрісінің кернеуі жер бетінен 1,8 м биіктікте 1кВт/м аспауы тиіс.

26. Селолық елді мекендерде орталықтанған сумен жабдықтау болмаған жағдайда, орталықтанбаған сумен жабдықтау көзделеді.

27. Ауыз сумен және ыстық сумен жабдықтау жүйелерінде Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген материалдардан жасалған сумен жанасатын құбырлар және өзге де жабдық қолданылады.

28. Ауыз су құбыры желілерін ауыз су емес сападағы суға келіп түсетін су құбыры желісімен қосуға жол берілмейді.

29. Орталықтанған сумен жабдықтауы және кәрізі жоқ аудандарда бір, екі қабатты тұрғын үй ғимараттарын ауладағы дәретханасымен және қазылған шұңқырларымен жобалауға және салуға жол беріледі.

3. Экімшілік ғимараттарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

30. Экімшілік ғимараттар елді мекеннің аумағын жоспарлау және салу жобасына (ол бар болғанда) сәйкес орналастырылады.

31. Үй-жайлардың (кеңселердің) және әкімшілік ғимараттардың аудандарының есептелген нормативтері осы Санитариялық қағидаларға З-қосымшаға сәйкес қабылданады.

32. Экімшілік ғимараттарда арбалармен қозғалатын адамдарға арналған пандустар көзделеді.

33. Экімшілік ғимаратқа кіреберісте қоқысқа арналған урналар және аяқ киімді тазартуға арналған торлар орнатылады.

34. Қоқысты жинау үшін қатты жабыны бар алаңға орнатылған контейнерлер пайдаланылады. Алаң үш жағынан биіктігі 1,5 м қоршаумен қоршалады. Контейнерлер санитариялық-қорғаныш аймағында жақын тұрған объектілер мен құрылыштардан 25 м жақын емес, алаң тұрғын үй ғимаратынан, балалардың ойын алаңдарынан, демалыс орындарынан және спортпен айналысатын орындардан 100 м алыс емес орналастырылады.

35. Экімшілік ғимараттар жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, су бұру, желдету және ауа баптау жүйелерімен қамтамасыз етіледі. Істық және сұық сумен жабдықтаудың резервтік немесе автономды жүйелері көзделеді.

36. Көріз жүргізілмеген аудандарда ғимаратқа 25 м жақын емес қашықтықта су өтпейтін шұңқыры бар аулалық дәретхана көзделеді.

37. Желдеткіш құрылғылары мен электр қозғалтқыштар шу-дірілден қорғаныш талаптары мен есептеулері ескеріле отырып, орнатылады.

38. Жылумен жабдықтау жүйелері қосымша шуды болдырмауы тиіс және ағымдағы жөндеу және қызмет көрсету үшін қолжетімді болуы тиіс.

39. Экімшілік ғимараттарда фрамугалар, терезе желдеткіштері көзделеді.

40. Экімшілік ғимараттарда жинау мұкаммалын, жуу және дезинфекциялау құралдарын сақтау үшін арнайы үй-жайлар бөлінеді.

Жұмыскерлер үшін, жеке және арнайы киімді сақтау үшін демалу және тамақ ішу бөлмелері (орындар), себезгі, дәретхана бөлінеді.

41. Инженерлік және технологиялық жабдықты пайдалану кезінде шу деңгейін шекті рұқсат етілген нормалардан арттыруға жол берілмейді.

42. Экімшілік ғимараттардың үй-жайларында (кеңселерінде) жұмыс орнын ұйымдастыру кезінде жұмыс орнының ауданы, үй-жайды желдету және жарықтандыру жағдайлары есептеледі.

43. Үй-жайлардың ауданы бір жұмыскерге 6 м<sup>2</sup>, кресло-арбаларды пайдаланып жұмыс істейтін мүгедектер үшін тиісінше 5,65 және 7,65 м<sup>2</sup> есебімен қабылданады.

44. Жұмыс орындарын ірі габаритті жабдықпен жараптандыру және ұжымдық пайдалану жабдықтарын жұмыс үй-жайларында орналастыру кезінде (электронды есептегіш машиналар терминалдарын, микрофильмдер көру аспаптарын және тағы басқалар) үй-жайлардың ауданы жабдықты пайдалануға арналған техникалық құжаттамаға сәйкес кеңейтіледі.

**4. Мәдени-оыйн-сауық және спорттық-сауықтыру мекемелеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

45. Мәдени-оыйн-сауық мекемелерінің көп салалы ғимараттарын төменгі жерүсті және жерасты деңгейлерінде жобалау кезінде автотұрақтар орналастыруға арналған орын көзделеді.

46. Спорттық-сауықтыру мекемелері жеке тұрған, тұрғын үй ғимараттарының ішіне салынған және жapsарлас салынған үй-жайларға орналастырылады.

47. Спорттық-сауықтыру мекемелерінде жеңіл ылғалды өндөлетін, шаңнан жеңіл тазартылатын спорт мүкаммалы пайдаланылады.

Былғарыдан жасалғаннан басқа маттардың материалдан тігілген тысы болуы тиіс, олар ластануына байланысты, бірақ аптасына кемінде бір рет жуылуы тиіс.

Жаттығу қапшықтары, тұлышп әрі тасымалданатын спорттық мүкаммал құніне кемінде 1-2 рет ылғал шүберекпен, ал спорттық мүкаммалдың металл бөліктері құрғақ шүберекпен сұртілуі тиіс. Аптасына кемінде бір рет жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып ылғалды жинау жүргізу керек.

48. Жыл бойы жұмыс істейтін спорттық-сауықтыру мекемелерінде тұрғын бөлмелердегі ауа температурасының плюс (бұдан әрі – +) 18-20 градусынан Цельсий (бұдан әрі – С) төмен болмауы, вестибульде, фойеде, холдарда +16-+18 С градустан төмен болмауы қамтамасыз етіледі.

**ЖОЙҒАН**

**Күшін жойған**

**Күшін жойған**

**Күшін жойған**

"Тұргын үйді және басқа да үй-жайларды,  
қоғамдық ғимараттарды күтіп-ұстаяға  
және пайдалануға қойылатын  
санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"  
санитариялық қағидаларына 1-қосымша

**ЖОЙГАН**

**Күшін жойған**

**Күшін жойған**

**Күшін жойған**

**Тұрғын үй ғимараттарының үй-жайларындағы ауаның есептік параметрлері және ауа алмасу жиілігі**

**1-кесте**

**Күшін жойған**

Р/с	Үй-жай	Жылдың салқын мезгіліндегі ауаның есептік температурасы, °C	Ая алмасу жиілігі немесе үй-жайдан шығарылатын ауаның көлемі	
			Ауаның кірүі	Ауаның шығуы
1	2	3	4	5
1	Пәтердегі жатақханадағы бөлме	немесе тұрғын 20		Тұрғын үй-жайлардың 1 шаршы метріне (бұдан әрі - $m^2$ ) сағатына 3 текше метр (бұдан әрі - $m^3/\text{сағ}$ )
2	Пәтер және жатақхана ас үйлері, текше электрлі плиталарымен, плиталарымен	газ 18	-	2-конфоралық плиталарда кемінде $60 m^3/\text{сағ}$ , $75 m^3/\text{сағ}$ 3-конфоралық плиталар $90 m^3/\text{сағ}$ 4-конфоралық плиталар
3	Пәтерлердегі киім және аяқ киім кептіретін шкаф	-	-	$30 m^3/\text{сағ}$
5	Жуыну бөлмесі	25	-	25 "
6	Жеке дәретхана	18	-	25 "
7	Дәретхана мен жуынатын бөлме біріктірілген үй-жай	25	-	50 "
8	Жатақханадағы киім тазартатын және үтіктейтін киім ілгіш бөлме, қол жуатын орын	18	-	1.5
9	Пәтерлік тұрғын үй-ғимаратындағы немесе жатақханадағы баспалдақтың торлары, вестибиуль, ортақ дәліз, алдыңғы бөлігі	18	-	-
10	Kір жуатын орын	15	Есеп бойынша, бірақ кемінде 4	7
11	Жатақханалардағы киім үтіктейтін және кептіретін орын	15	Есеп бойынша, бірақ кемінде 3	3
12	Жатақханалардағы жеке заттарды, спорттық мұқаммалды сақтайтын және шаруашылық, киім-кешек сақтайтын қоймалар	12	-	0,5
13	Лифтілердегі машина үй-жайы	5	-	Есеп бойынша, бірақ кемінде 0,5

## **ЖОЙГАН**

## **Күшін жойған**

## **Күшін жойған**

## **Күшін жойған**

14	Қокыс жинағыш камера	5	-	1 (қокыс салғыш діңгегі арқылы)
----	----------------------	---	---	---------------------------------

Ескертпе:

1. Пәтерлердің және жатақханалардың бұрыштық үй-жайларында ауаның есептік температурасы көрсетілген кестеден 2°C жоғары қабылдануы тиіс.
2. Жылы мезгілде лифтілердің машина үй-жайының ауа температурасы 40°C аспауы тиіс.

Салыстырмалы ылғалдылық параметрлері және ауа қозғалысының жылдамдығы  
2-кесте

**Жойған**

**Күшін жойған**

**Күшін жойған**

**Күшін жойған**

Р/с	Жыл мезгілі	Үй-жай атауы	Салыстырмалы ылғалдылық %		Ауаның қозғалыс жылдамдығы, секундына метр	
			Қолайлы	Рұқсат етілген артық емес	Қолайлы	артық емес
1	2	3	4	5	6	7
1	Суық	Тұрғын бөлме	45-30	60	0,15	0,2
		Дем алуға және окуғимаралттарына арналған үй жайлар	45-30	60	0,15	0,2
		Пәтераралық дәліз	45-30	60	0,15	0,2
		Дәретхана			0,15	0,2
		Жуыну бөлмесі			0,15	0,2
2	Жылы	Тұрғын бөлме	60-30	65	0,2	0,3

"Тұрғын үйді және басқа да үй-

жайларды,

қоғамдық ғимараттарды күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"

санитариялық қағидаларына 2-косымша

Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар үй-жайларындағы және тұрғын құрылым аумағындағы инфрадыбыстың және төмен жиіліктегі шудың рұқсат етілген деңгейлері

Кесте

p/c	Үй-жайлардың немесе аумақтардың колданылу мақсаты	Тәулік мерзімі	Дыбыс қысымының деңгейі, дБ Орташа геометриялық жиілікпен оқтавалық белдеуде, герц (Гц)										Дыбыс деңгейлері және дыбыстың балама денгейлері (дБА-мен)	Дыбыстың ең жоғары деңгейлері (дБА <sub>max</sub> , дБА)	
			31,5	63	125	250	500	1000	2000	4000	8000				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14		
1.	Ауруханалардың, санаторийлердің палаталары мен операциялық бөлмелер	сағат 7-ден 23-ке дейін сағат 23-тен 7-ге дейін	76 69	59 51	48 39	40 31	34 24	30 20	27 17	25 14	23 13	35 25	50 40		
			76	59	48	40	34	30	27	25	23	35	50		
2	Емханалар, амбулаторийлер, диспансерлер, ауруханалар дәрігерлерлерінің кабинеттері		76	59	48	40	34	30	27	25	23	35	50		
3	Мектептер мен басқада оку мекемелерінің сыйнып үй-жайлары, оку кабинеттері, муғалімдер бөлмелері, аудиторийлері, мәжіліс залдары, кітапханалардың оку залдары		79	63	52	45	39	35	32	30	28	40	55		
4	Конак үйлердің нөмірлері мен жатақханалардың тұрғын бөлмелері	сағат 7-ден 23-ке дейін сағат 23-тен 7-ге дейін	83 76	67 59	57 48	49 40	44 34	40 30	37 27	35 25	33 23	45 35	60 50		
			83	67	57	49	44	40	37	35	33	45	60		
5	Дәмханалар, мейрамханалар, асханалар залдары		90	75	66	59	54	50	47	45	44	55	70		
6	Ауруханалар мен санаторийлер аумағындағы демалыс аландары		83 76	67 59	57 48	49 40	44 34	40 30	37 27	35 25	33 23	45 35	60 50		
			83	67	57	49	44	40	37	35	33	45	60		

Союз	Күшін жойған	Пәтерлердің тұрғын бөлмелері, демалыс үйлерінің, пансионаттарды, карттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерінің тұрғын үйжайлары, мектепке дейінгі балалар үйымдарында және мектеп-интернаттардағы жататын бөлмелер.	сағат 7-ден 23-ке дейін												
				79	72	63	52	45	39	35	32	30	28	40	55
7			сағат 23-тен 7-ге дейін												45
8		Ауруханалар мен санаторийлерге тікелей іргелес аумактар	сағат 7-ден 23-ке дейін	83	67	57	49	44	40	37	35	33	45	60	
			сағат 23-тен 7-ге дейін	76	59	48	40	34	30	27	25	23	35	50	
9		Конақ үйлер мен жатақханалар гимараттарына тікелей іргелес аумактар	сағат 7-ден 23-ке дейін	93	79	70	63	59	55	53	51	49	60	75	
			сағат 23-тен 7-ге дейін	86	71	61	54	49	45	42	40	39	50	65	
10		Дүкендердің сауда залдары, әуежайлар мен вокзалдардың жолаушылар залдары, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының қабылдау пункттері		93	79	70	63	59	55	53	51	49	60	75	
11		Тұрғын үйлерге, емханалар, амбулаторийлер, диспансерлер гимараттарына, демалыс үйлеріне, пансионаттарға карттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлеріне, балалардың	сағат 7-ден 23-ке дейін	90	75	66	59	54	50	47	45	44	55	70	
			сағат 23-тен 7-ге дейін	83	67	57	49	44	40	37	35	33	45	60	

## Қүшін жойған

## Қүшін жойған

## Қүшін жойған

## Қүшін жойған

	мектепке дейінгі үйымдарына, мектептерге және басқа оку үйымдарына, кітапханаларга тікелей іргелес аумақтар											
12	Шағын аудандар мен тұрғын үй топтары, демалыс үйлері, пансионаттар, қарттар мен мұгедектерге арналған интернат-үйлері, балалардың мектепке дейінгі үйымдары мен басқа да емдеу мекемелері аумағындағы демалу аландары	83	67	57	49	44	40	37	35	33	45	60

**Ескертпе:** Үй-жайларда сыртқы көздерден шудың рұқсат етілетін деңгейлері үй-жайдың нормативті желдетілуі қамтамасыз етілген жағдайда белгіленеді (тұрғын үй-жайлары, палаталар, сыныптар үшін – желкөздер, фрамугалар, терезелердің тар жақтаулары ашық кезінде).

Жалпықалалық және аудандық мақсаттағы магистральдық көшелердің, темір жолдардың жағына қараған тұрғын үйлер, қонақ үйлер, жатақханалар ғимараттарының шуылдан қорғау типтерінің бірінші эшалонын қорғайтын конструкциядан 2 м-дегі аумақта автомобиль, темір жол көлігі құралдары тудыратын шуыл үшін дБА-дағы дыбыстың балама және ең жоғары деңгейлері жалпықалалық және аудандық мақсаттағы магистральдық көшелер, темір жолдар жағына қарай кестенің 10 және 12 позицияларында көрсетілгеннен 10 дБА-ға (түзету

△

= + 10дБА) жоғары қабылдауға рұқсат етіледі.

Жиіліктің октавалық белдеулеріндегі шуыл үшін дБА-дағы дыбыстық қысымның деңгейлерін, үй-жайларда және ғимараттарға іргелес аумақтарда, ауа баптау, ауамен жылыту және желдету жүйелері және басқа инженерлік-технологиялық жабдық тудыратын шуыл үшін дБА-дағы дыбыстың деңгейлерін және балама деңгейлерін 3-кестеде көрсетілгеннен 5 дБА-ға (түзету

△

= - 5 дБА) төмен қабылдау керек (тоналдық және импульстық шуыл үшін түзетуді бұл жағдайда қабылдау керек емес).

Тоналдық және импульстық шуыл үшін 5 дБА түзетуді қабылдау керек.

**ЖОЙҒАН**

**Күшін жойған**

**Күшін жойған**

**Күшін жойған**

"Тұрғын үйді және басқа да үй-жайларды,  
қоғамдық ғимараттарды күтіп-ұстаяға  
және пайдалануға қойылатын  
санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"  
санитариялық қағидаларына 3-қосымша

Әкімшілік гимараттар үй-жайлары (кенселер) ауданының есептік нормативтері  
1-кесте

## Құшін жойған

## Құшін жойған

## Құшін жойған

Р/с	Үй-жайлардың қолданылу максаты	Мекемедегі қызметшілер санына байланысты аудан көлемі, м <sup>2</sup> , адам саны.			
		100-300	300-600	600-1000	1000- наң жоғары
1	2	3	4	5	6
1	Мекеме басшысының кабинеті	27-36	36-45	45-54	54
2	Басшының бірінші орынбасарының кабинеті	18-24	24-36	24-36	36-45
3	Басшының орынбасарының кабинеті	12-18	18-24	18-24	18-36
4	Басшының көмекшісінің кабинеті (референт)	12	12	12	12-18
5	Мекеме басшысының қабылдау бөлмесі	12	18	24	36
6	Басшы орынбасарының қабылдау бөлімі	12	12	18	24

Ескертпе: басшының және оның орынбасарының кабинеттерінің жаңында ортақ қабылдау бөлмесін орналастыруға жол беріледі

**ЖОЙГАН**

**Күшін жойған**

**Күшін жойған**

**Күшін жойған**

**Кабинеттер мен құрылымдық болімшелер басшыларының  
қабылдау бөлмелерінің алаңы**

**2-кесте**

**Күшін жойған**  
**Күшін жойған**  
**Күшін жойған**  
**Күшін жойған**

P/c	Үй-жайлардың қолданылу мақсаты	Қызметшілер саны 1 адам болғандағы аудан, м <sup>2</sup>			
1	2	3	4	5	6
1	Басқарма бастығы	18 (24)	24(36)	36(54)	Жақша ішінде Жұмысшылар саны 500 адамнан жоғары болған кездегі ғимараттар мен мекемелердегі кабинеттер ауданы
2	Бастық орынбасары	12(18)	18(24)	24(36)	
3	Қабылдау бөлмесі	12(18)	12(18)	18(24)	
4		Қызметшілер саны, адам			Бөлімдегі қызметшілер саны 5-ке дейін болған жағдайда бастықтың жұмыс орны бөлім үй-жайында орналастырылады
5	Бөлім, зертхана, есептік орталық бастығы және т.б.	9	5-10	10-20	20-дан жоғары
			12	18	

**Үй-жайлардың ұсынылатын есептік нормативтері:**  
жұмысшы, ақпараттық-техникалық мақсаттағы  
кеңестерге арналған үй-жайлардың, кіру тобының  
және санитариялық-тұрмыстық қызмет көрсету үй-жайлары

**3-кесте**

Құшін жойған

P/c	Үй-жайлардың қолданылу мақсаты	Есептік бірлік немесе ауданды есептеу принципі	Есептік аудан, м <sup>2</sup>	бірлікке	Ескертпе
1	2	3	4	5	
Жұмыс үй-жайлары және кеңестерге арналған үй-жайлар					
1	Кұрылымдық бөлімшелердің жұмыс үй-жайлары	Бір жұмыс орнына:			Арнайы үстелдерді қажет ететін ұйымдастыру техникасымен жұмыс орындарын жабдықтау кезінде, олардың ауданының нормативтері оның іске қосу техникалық шарттарына сәйкес ұлғаяды.
		бөлім басшысы, бас маман, бас бухгалтер	9,0		
2		бөлім басшысының орынбасары (бас бухгалтер), бас инспектор және т.б.	7,5		
3		инженер, экономист, бухгалтер, инспектор	6,5		
4		машинисткалар, іс қағаздарын жүргізушілер	5,0		
5		келушілерді жеке қабылдау жүргізетін қызметкер (зангерлер, әкімшілер, әлеуметтік корғау органдарының жұмыскерлері және т.б.)	9,0 (12,0)		Жақшаның ішінде әр қызметкердің жеке бөлмесінің ауданы көрсетілген. Құжаттарды жұмыс бөлмелерінде сақтаған жағдайда бір қызметкерге 0,3 м <sup>2</sup> есебінен жапсарлас шкафттар құруға жол беріледі
6	Макет шеберханасы	Бір макетшіге	12		Жобалау институтының тапсырмасына сәйкес
7	Жиналыш залы	Залдағы бір орын	0,9		Инженер- техникалық жұмыскерлер 300 адамнан жоғары болғанда зал жұмыскерлердің 30 %-не есептеледі
8	Жиналыш залы жаңындағы кулуарлар	Залдағы бір орын	0,3		Кулуарлар ауданына жиналыш залына жапсарлас дәліздің ауданы қосылады.
9	Жиналыштарға арналған үй-жай (басшылар кабинеттерінң бірі)	Бір орын	0,8		Инженер-техникалық жұмысшылар 300-ге дейінгі мекемелерде
10	Мәжіліс залы (эстрадасыз)	Пиопитрмен бір орын	0,8		Қызметкерлер саны 200 адамнан жоғары болғанда қарастырылады
		Сондай, пиопитрсіз	0,7		Орын саны- қызметкерлердің 50%, бірақ 800-ден артық емес
11	Мәжіліс залы жаңындағы	Мәжіліс залындағы бір орын	0,3		
			0,6		

## Құшін жойған

## Құшін жойған

## Құшін жойған

	кулаарлар немесе фойе			
12	Мәжіліс залы жаңындағы кино аппарат жайы	Жобалауға тапсырыс бойынша		
13	Президиумға арналған үй жай	350 орынға дейінгі залға сондай 350 орыннан жоғары	12 18	
14	Жиһазға және күрал-жабдықтарға арналған үй-жай	Мәжіліс залындағы бір орын	0,03	кемінде 8 м <sup>2</sup>
15	Темекі шегетін	Сондай	0,06	500 орыннан жоғары залдар үшін
16	Мәжіліс зал эстрадасы	Терендік, м, залдағы орын саны:		
17		350- ге дейін	5	
18		350 -ден-500-ге дейін	7	
19		500- ден жоғары	9	
Ақпараттық-техникалық мақсаттағы үй-жайлар				
20	Барлық ақпарат қағазда орналасқан техникалық кітапхана, оның ішінде			
21	Оку залы	Бір орын	2,7(3)	Жақшада FЗИ-ға арналған нормативтер келтірілген
22	Кітап қоймасы	сақтау 1000 бірлігі	2,5(2,7)	
23	Қызмет бөлмесі	Бір жұмыс орны	4	
24	Әдебиеттерді қабылдау және беру аймағы	сондай	5	Техникалық кітапхана жалпы ауданы 90 м <sup>2</sup> асқан жағдайда көрсетілген бөлмелер және жоспарлы аймақтар бір бөлмеге бірігеді
25	Мұрагат, оның ішінде	сақтау 1000 бірлігі	0,6	Жақшада ғылыми зерттеу институтына арналған нормативтер келтірілген
26	Оку залы	Бір орын	2,7(3)	
27	Жұмыс үй-жайы	Бір жұмыс орны	4(6)	Егер жобалауға тапсырыс бойынша өзгеше қарастырылмаса, ауданы 54 м <sup>2</sup>

**Күшін жойған**

				аспайтын мұрағат бір бөлмеде орналасады.
28	Есептеуіш техника бөлімшелері Үй-жайлары, оның ішінде:	Жобалауга тапсырыс бойынша		
29	Өндірістік диспетчерлік бюро	Жұмыс орны	4,5	
30	Бағдарламау бюросы	Жұмыс орны	4,5	
31	ЕО басшысының бөлмесі	ЕО-дағы жұмысшылар саны: 20 адамға дейін	12	
32		20 адамнан артық	18	
33	Экспедиция	Бір жұмыс орны	6	кемінде 12 м <sup>2</sup> . Басқарма мекемелерінде құжат айналымы жылына 30 мың құжаттан көп болғанда, жобалау-құрылыш мекемелерінде қызметкерлер саны 1000 адамнан жоғары болған жағдайда - 24 м <sup>2</sup> кем емес
34	Көшірме көбейткіш қызмет, оның ішінде: тапсырыстарды қабылдайтын және беретін үй-жайлардың көбейткіш қызметтерінде:	Бір жұмыс орны	6	
35	АТС, радиоторап	Жобалауга тапсырыс бойынша		
36	Телетайп Үй-жайлардың кіреберіс тобы	Жұмыс орны	4,5	
37	Вестибюль	Бір қызметкерге	0,2	Сырт киім шешетін орынды есепке алмағанда кемінде 18м <sup>2</sup>
38			0,25	Солтүстік құрылыш- климаттық аймақта
39	Вестибюль жаңындағы сырт киім шешетін орын	Киім ілгіштің бір ілмегіне	0,1	Басқармалар ғимараттарында ілмектер саны мынадай есеп бойынша құрылады: қызметкерлер саны плюс 10-20 %-келіп кетушілер үшін, плюс 80 % мәжіліс залындағы орындар саны, егер жаңында арнайы сырт киім шешетін орын болмаса. Егер жұмыс үй-жайлары мен бөлмелерде сырт киімге арналған

Күшін жойған

				арнайы жиһаз болса, ілмектер саны тек келушілерге ғана есептеледі
40	Мәжіліс залы жаңындағы вестибюльдегі сырт киім шешетін орын	сондай	0,1	Ілмек саны залдағы орын санына тең
41	Аванвестибюль	12 м <sup>2</sup> және 0,05 м <sup>2</sup> әрбір қызметшіге қосымша		Откізу тәртібі кезінде
42	Күзет бекеті	Бір күзетші орнына	3	
43	Откізу бюросы	Бір жұмыс орнына	4,5	Откізу тәртібі кезінде
44	Откізу бюросы жаңындағы күту үй-жайы немесе аймағы	Бір терезеге	6	Терезелер саны (жұмыс орны) жобалауға тапсырма бойынша анықталады
45	Қауіпсіздік және күзет қызметі үй жайы	Жеке техникалық тапсырмамен белгіленеді		
46	Анықтамалық ақпараттық қызмет үй-жайы	Бір үй жай	12	Вестибюль жаңында
47	Келушілердің күту үй-жайы	Бір адамга	1,5 м <sup>2</sup> келіп кетушілер 20 адамға дейін болса және 1 м <sup>2</sup> қалған әр келіп кетушіге	Күту бөлмелерін кабылдау жүріп жатқан бөлмелермен жана сқан холлдармен және дәліздермен біріктіруге болады
<b>Санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар</b>				
48	Тамактанатын үй-жай	Бір қызметкер	0,8 - 1	Қызметкерлер саны 50-ге дейін және 10-нан аз болғанда-жұмыс бөлмесінде 6 м <sup>2</sup> қосымша аудан
49	Буфет	Қоғамдық тамактандыру орындарын жобалау нормативтік-әдістемелік құжаттарына сәйкес		Қызметкерлер саны 50-250 адам болғанда
50	Асхана	сондай		Қызметкерлер саны 250 адамнан жоғары болғанда
51	Қызмет көрсететін және іске қосатын қызметшілердің үй және жұмыс киімі тұратын үй-жай	1 адам	1,4	
52	Қызмет көрсететін және іске қосатын қызметкерлердің демалу үй-жайы	1 адам	0,3	9 м <sup>2</sup> кем емес
53	Медициналық пункт	Сандық тізім бойынша: 50 – 150	12	

## Күшін жойған

## Күшін жойған

## Күшін жойған

## Күшін жойған

		151-300	18	
54	Дәрігерлік денсаулық пункті	Жобалауға тапсырма бойынша		Кызметкерлер саны 300 адамнан артық болмаған жағдайда
55	Кызметкерлер дәретханасы	45 ер адамға және 30 әйелге 1 унитаз 45 ер адамға 1 писсуар 40 ер адамға және 27 әйелге 1 қол жуғыш		
56	Әйелдердің жеке бас гигиенасы үй- жайы	75 әйелге 1 кондырғы		Дәретханаларда орналастырған жағдайда
57	Темекі шегетін орын	1 қызметкер	0,02	Кемінде 8 м <sup>2</sup> . қызметкерлер саны 200 адамнан артық болған жағдайда күрылады
58	Жыып-жинау мұқаммалы үй- жайы	100 м <sup>2</sup> қабатқа немесе 1000 м <sup>2</sup> ғимарат ауданына	0,8	Кемінде 4 м <sup>2</sup> қабат ауданы 400 м <sup>2</sup> кем болмаған жағдайда - екі шектес қабатқа бір үй жай
59	Сауна	Жобалауға тапсырма бойынша		Аталған құжаттың 6-шы бөлімінің талаптарын ескере отырып
60	Психологиялық демалу немесе демалу үй-жайы	сондай		
61	Белсенді демалыс, оның ішінде спортқа арналған үй- жайлар			

**ЖОЙҒАН**

**Күшін жойған**

**Күшін жойған**

**Күшін жойған**

**Мекемелер ғимараттарындағы техникалық қызмет көрсету үй-жайларының ауданы  
4-кесте**

## Күшін жойған

## Күшін жойған

## Күшін жойған

Р/с	Атауы	Аудан, м <sup>2</sup> қызметкерлер санына байланысты				Ескертпе
		100-ге дейін	100 – 200	200 - 500	500 –ден астам	
1	2	3	4	5	6	7
1	Жөндеу шеберханасы	-	-	36	54	Басқарма мекемелерінде, әкімшілік ғимараттарда
2	Механикалық шеберхана	-	-	-	54	Жобалау конструкторлық ұйымдарда
3	Балташы шеберханасы	-	-	-	Жобалауға тапсырма бойынша	
4	Кеңсе бұйымдарының қоймасы	12	12	18	24	Қызметкерлер саны 100 адамнан төмен болғанда қоймалар бір бөлмеде орналасады
5	Құрал-жабдықтар мен мұқаммалдық сақтау қоймасы	12	12	18	24	
6	Қағаз қоймасы	12	12	18	24	Жобалау конструкторлық ұйымдарда
7	Макулатураларды орау және өндіреу үй-жайы	-	-	-	24	Басқарма мекемелерінде
8	Жобалау объектілері бойынша көрнекі материалдарды, модельдерді және мүсіндерді сақтау қоймасы	Жобалауға тапсырма бойынша, бірақ 6-дан кем емес				Жобалау конструкторлық ұйымдарда, сәулет шеберханаларында

**ЖОЙГАН**

**Күшін жойған**

**Күшін жойған**

**5-кесте**

**Күшін жойған**  
**Күшін жойған**  
**Күшін жойған**

P/c	Үй-жайлар атавы	Жайлылық деңгейінде көрү залындағы 1 орынға бөлме ауданы			Ескертпе
1	2	3	4	5	6
1	Кассалық вестибюль	0,06	0,05	0,05	Рұқсат етілген бірігу
2	Кіру вестибюлі	0,15	0,10	0,10	
3	Ұлестіру вестибюлі	0,35	0,30	0,25	
4	Киім ілетін орын	0,12	0,10	0,10	
5	Сөмкелер мен портфельдерді сақтайтын жүк сақтау камерасы 2	0,06	0,05	0,04	Киім іletін орынмен қатар орналасады
6	Қызмет көрсету бюросы	0,03	0,03	-	Кіру немесе ұлестіру вестибюльдерімен қатар орналастыру үсінүлады
7	Санитариялық тораптар	0,20	0,15	0,10	

**ЖОЙГАН**

**Күшін жойған**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК

**Күшін жойған**